

Қызылорда медицина колледжі
Мейірбике ісі қолданбалы бакалавриат

*Жарақаты бар пациенттерге
үй жағдайында күтім көрсету*

Орындағандар : Айтқожаева Аида
Әбіләшімова Майра
Ерсінова Арайлым
Қали Махат

- Жарақаттар – бұл адам ұлпалары мен органдарының зақымдануы, сыртқы себептерден аяқ-қолдың сынуы мен буынның шығуынан, жұмсақ ұлпаның жаралануы мен дененің сыдырылуынан, органдардың зақымдануынан және көптеген басқа жәйттердің әсерінен ұлпалар мен органдар тұтастығы мен қызметінің бұзылуы.



- Кез-келген жарақат бір орындағы ұлпалардың бұзылуымен қатар ағзада белгілі бір жалпы өзгерістерді тудыруы мүмкін (жүрек-тамыр қызметінің, тыныс алудың, зат алмасуының бұзылуы). Бұл құбылыстар орталық жүйке жүйесінің тітіркенуінен, қан кетуінен, өмірлік маңызды органдардың зақымдалуынан, уланудан пайда болады. Қатты сырқырататын және қан көп кеткен ауқымды зақымдану кезінде сырқаттың жалпы жағдайы өте жедел және күрт нашарлайды.



Жараларды зақымдануына жарақаттаушы зат формасына, құрал түрлеріне қарай бірнешеге жіктейміз.

Кесілген жара (пышақ, әйнек, ұстараның жүзі т.б). Мұндай жараның жиегі тегіс, тік және қан қатты ағады. Бұл жарада ауру дәрежесі басқа жарақат түрлеріне қарағанда азырақ.

Шапқылағанда, балтамен кесіп алғанда кесілген жараға ұқсас бұдан терең, тіпті кейде жарақат сүйекке дейін жетуі мүмкін.

Соғылған жара сыртқы түріне қарағанда мыжылған жараға ұқсас. Соғылған жара таспен (күшті ұрғанда) және дөрекі заттармен күшті ұрғанда, көміліп қалғанда, күшті толқындар әсерінен болады.

Егер соғылған және мыжылған жара көлемі қан көлемді ұлпаларды зақымдаса, олар езілген жара деп аталады. Соғылған, мыжылған, езілген жараларда инфекция түсу, даму мүмкіндігі жоғары.

Шаншылған, тесілген жара шаншылатындай заттардан: ине, шеге, пышақ, үшкір темір т.б зақымданудан пайда болатын жара.

Теріде аз ғана жара тесігі болады, бірақ ұлпаға тереңірек еңіп зақымдайды, кейде ішкі органдар да зақымдалуы мүмкін. Сыртқы қан кету болар болмас қана.

Тістелген жара адам мен жануарлардың тістеуінен пайда болады. Тістелген жараға ауыз қуысынан инфекция түсу мүмкіндігі жоғары. Ол көбінесе іріңдеп, баяу жазылады.

Мыжылған жара снарядтың жарықшағынан зақымдалуынан және адам жүріп бара жатқан транспорттың астына түсуінен т.б. болады. Мұндай жараның жиегі тегіс емес, оның айналасындағы ұлпалар күшті зақымдалады. Қан кету өте көп болмайды, бірақ ауырсыну әр уақытта жоғары.

Атылған жара оқ, снаряд жарықшағы түсуінен т.б жара ол оқ және жарық винтовка мен пистолет оғының әсерінен болса, екіншісі жарықшақты жара – артиллериялық снаряд, мина, қол гранаты, авиабомба жарықшағы әсерінен болады.

Жаралар, ату құралдарын қолданудан пайда болса олар мыжылған, шаншылған, езілген де болуы мүмкін.

Атылған жаралар ұлпаны қатты зақымдайды. Жарықшақ пен оқ кейде сүйекке өтіп, оны бөліп жіберуі мүмкін, ал сүйек (жарық) жарықшақтары жұмсақ ұлпаны зақымдайды.

Қан

ағуларының

түрлері

Қызыл қан тамырларынан қан ағу. Бұл қан ағудың ең қауіпті түрі. Үлкен қызыл қан тамырларының зақымдануында бірнеше минуттан кейін адам өліп кетуі мүмкін. Белгілері – ашық қызыл түрдегі қан шүмектеп, шапшып ағады. Тамырдың орталық бөлімін қысқанда қан ағуы тоқтайды.

Капиллярлық қан ағу. Жараның барлық беті қанайды. Қан түрі бойынша артериялық және көк тамыры қандарының арасындағы орталық жағдайда болады. Қан ағуы қауіпті, мысалы, гемофилияда, сепсисте, өйткені бұнда қан ұюының бәсеңдеуі байқалады. Әдетте капиллярлық қан ағулар өз-өзінен тоқтап қалады.



Көк тамырдан қан кету. Қызыл қан тамырынан ағудан көк тамырдан қан ағудың ерекшелігі, бұнда қан бір қалыпта, бәсең ағады, түрі қара қошқыл. Тамырдың орталық бөлімін қысқанда қан ағуы тоқтамайды. Үлкен көк тамырларының, әсіресе, мойын, кеудк аймағы зақымданғанда ауаның тамырға сорылып кіруінен ауа эмболиясы салдарынан өлім – жітім болады. Ауа «тығыны» жүректің оң жақ бөлімдерін немесе өкпе қызыл қан тамырын тығындайды. Бұл қан қозғалысының кенеттен бұзылуына әкеледі.

Паренхиматоздық қан ағу. Бұндай қан ағу ішкі мүшелердің: бауырдың, талақтың, өкпенің, бүйректің барлық тамырларының (артерия, көк тамыр, капиллярлар) зақымданғанда байқалады. Бұл қан ағу өте қауіпті, себебі паренхиматозды мүшелер дәнекер тірегі (строма) тамырлар қабырғасын ұстап тұру себебінен олардың қысылмауы, сондай-ақ паренхиматоздық мүшеде антикоагулянттық заттардың болуына байланысты, тромбо болмау нәтижесінде өз-өзінен тоқтауға мүмкіншілік болмайды.

Қан


ағуды

тоқтату


- Жәрдем көрсету шараларына және медицина қызметкерлерінің мамандығына байланысты, қан ағуды тоқтату уақытша және біржолата тоқтату болып бөлінеді. Әдетте қан ағуды уақытша тоқтатуды науқасты ауруханаға жіберердің алдында, жарақат алған жерде орта медицина қызметкері іске асырады. Қан ағуды біржолата тоқтатуды аурухана жағдайында және операция жасау жолымен істеледі.



Таңғышпен қысып байлау. Қысып таңғыш салу және аяқ қолдардың көтеріңкі жағдайлары көк тамырлардан және кішкене қызыл тамырлардың қан ағуды уақытша тоқтатудың жақсы әдісі болып есептеледі. Жараға зарарсыздандырылған мәрліні бірнеше қабаттап, оның үстіне зарарсыздандырылған мақта салынады, ол мәрлімен бірге аяқ-қолдарды орап бинттеу арқылы бекітіледі.



Аяқ-қолдардың буынынан бүгілуі. Тақым артериясының, шынтақтың бүгілуінде иық артериясының, шат иілісіндегі сан артериясының жарақаттануда пайда болатын қан ағу, кейде аяқ-қолдарды осы жағдайда қатты иіп бекіту немесе оларды керу арқылы тоқтатылуы мүмкін.



Жара ішіндегі тамырды қысу. Бұнда залалсыздандырылған резеңке қолғап киіледі немесе қол спирт, йодпен тазаланады және жараға кіргізілген сұқ саусақпен қанның ағымы сезіліп, тамыр қысылады.



Жараның қуысын тығындау (тампонада). Бұл үшін тампон алынады және корнцангпен бүкіл жара қуысын тығыз етіп тығындайды. Әдетте бұл тереңдегі жараларда қолданылады.




Ширақты (жгутты) салу

Бұл әдіс әсіресе қызыл қан тамырының қан ағуын тоқтатуда негізгі әдіс болып есептеледі. Қызыл қан тамырынан қан аққанда жгут жарадан жақынрақ салыналы. Ширақты салудың алдында оның орамдарының арасында тері қысылып қалмауы үшін қол-аяқтар орамал немесе бинтпен оралады. Ширақ тартылады және аяқ-қолдар айландырылып оралады. Бұндай ширақ орамдарының бірінің үстінен бірін бастырмай қатар жатуын бақылау қажет. Ширақтың ұштары бекітіледі. Ширақ орамдарының біреуінің астында ширақ салынған уақыты көрсетілген қағаз қыстырылады. Бұнан басқа арнаулы емдеу мекемесіне жіберілетін хатта ширақтың уақыты көрсетіледі. «Қызыл қан тамырлық» ширақ дұрыс салынса аяқ-қол ширақтан төменіректе бозарады. Ширақ салынған жерден төменде тамыр соғысы білінбейді, қан ағуы тоқтайды. Ширақ қатты тартылмаса, аяқ-қол көгере бастайды, тамыр соғуы жоғалмайды, қан ағуы күшейеді. Қатты қысылып тартылса, жүйке талшықтарының жарақаттануының салдарынан аяқ-қолдардың салдануы мүмкін. «Қызыл қан тамырлық» ширақ аяқ-қолдарда 1,5-2 сағаттан көпке қойылмайды. Егер ұзақ уақытқа қойылса, аяқ-қолдардың жансыздануы мүмкін. Егер осы уақыт арасында операция жасалынбаса, және ширақ қайтадан керегінше жоғары немесе төменірек қойылады.



ТАҢҒЫШТАР (ДИСМУРГИЯ)

- Десмургия дегеніміз — таңғыш байлау және қолдану турады ілім. Таңғыш- адам денесіне емдік мақсатта таңылған материал. Таңғыштар адамның жарасын, сынықты т.б. ауруларды емдеуге қолданылады. Әрбір медицина қызметкері таңудың түрлерін білуі керек, кез келген уақытта, кез келген жерде, жағдайда дереу көмек көрсетіп, қан тоқтатып, жараны байлау үшін таңғышты қолдана білуі тиіс.



Қолдану мақсатына қарай:

- Қорғайтын таңғыш болады- ол жараны инфекция түсуден қорғайды.
- Қысатын таңғыш – қан тоқтату үшін дененің бір жеріне қысым жасайды.
- Қозғалтпайтын таңғыш- иммобилизациялайтын- сынықты не шыққан буынды қозғалтпай науқасты тасымалдау, емдеу кезінде пайдаланады.
- Ауа жібермейтін – окклюзиялық таңғыш- плевра қуысы жарақаттанған кезде салынады.
- Коррекциялайтын-түзейтін таңғыш- дененің дұрыс емес біткен жерлерін түзейді, мыс, гипс жаға мойны қисық болып туған балаға салынады.
- Тартатын, созатын таңғыш- сынықты емдеуде қолданылады.

Таңғыш



БИНТ



МАҚТА

ретінде



Эластик бинт

Материал ретінде



ГИПС




АҒАШ



ТЕМІР

Шина

- Шина оқиға болған жерде санылады.
- Әуелі жарасы таңылып, содан кейін шина салынуы керек.
- Шина зақымдалған тұстағы көрші 3 буынды, кем дегенде 2 буынды бекітуі тиіс.
- Тоқпан жілік сынғанда және ортан жілік сынғанда міндетті түрде көрші 3 буын бекітіледі.
- Науқасты өте ақырын тасымалдау керек.



Гипс

ТАҢҒЫШ

- Тез қататын, емдеуге қолданылатын таңғыш. Гипс ұнтағы мен бинттен жасалынады.
- Гипс- сұр түсті сульфат кальций ұнтағы, сумен араластырған кезде тез қатады. Оны гипс таңу кабинетінде дайындап таңады. Гипс таңғыш түрлері:
 - 1. бітеу,
 - 2 алмалы-салмалы (лонгета). 3. «етік».
 - 4 «жаға».
 - 5. «корсет».
 - 6 «коксит».
 - 7. «кроватька».
 - 8. «тутор» және т.б.



- Гипс таңғышы салынатын бөлік физиологиялық ұтымды жағдайға келтіріліп, 2 көрші буын бекітіліп, шошайған сүйек тұстарына бір уыс мақта салынады. Тері мен гипс бинті арасына гипс күйігінен сақтау үшін бір қабат мата төсейді. Бір сағат бойы гипс салынған адамды қадағалап, таңғыш қыспай ма, еті көгеріп, ісіп, ауырмай ма, соны сұрап тұру керек.



Күйік

- Күйік деп ыстық сұйықтықтар, қышқыл-сілті, жалынның шарпуы, сәулелі ыстық, қатты ысыған заттар, электр тогы немесе электромагниттік радиацияның әсерімен теріге және одан төмен жатқан адам денесінің ұлпаларына жасалған зиянды әрекетті айтады. 50°C температураға шалдыққан теріні 5 минуттан кейін күйік шалады.



Күйік түрлері

Күлдіреп іспейтін шамалы ғана күйіктер
(1 дәрежедегі күйік)[өңдеу]

Күйіктен кеп зардап болдырмау және ауырғанын жеңілдету үшін күйік шалған жерді дереу салқын суға малыңыз. Басқадай ешбір ем-дом жасаудың қажеті жоқ, керек болған жағдайда ауырғанды жеңілдететін дәрі ретінде аспирин ішіңіз.

Күлдіреп ісетін күйіктер (2-ші дәрежедегі күйік)[өңдеу]
Күлдіреген жерді тесуші болмаңыз. Егер күлдіреген жер жарылып кетсе, сол жерді қайнатып салқындатылған сумен сабындап жуыңыз. Вазелинді қайнатып стерилдеңіз де, оны стерилдеген дәкеге жағып, күйік шалған жерге салыңыз. Егер вазелиніңіз жоқ болса, күйікті ашық күйде ұстаңыз. Күйік шалған жерге ешуақытта тоң май немесе басқадай майларды жағушы болмаңыз.

Терең күйік жарақаттары (3-ші дәрежедегі күйік)

Зардап шеккен адамды сол бойда емдеу орнына жеткізу қажет. Оны ем көрсетілетін жерге жеткізгенше күйік шалған жерді ете таза шүберекпен немесе орамалмен жауып қойған жөн. Дәрігерлік білікті көмек көрсетіле алмаған жағдайда күйген жерді жоғарыда айтылғандай тәсілмен тазалап, ем жасаңыз. Егер вазелин болмаса, күйік шалған жарақаттың бетін ашық тастап оған шаң түсіп, шыбын қонбас үшін шыт орамалмен немесе ақжаймамен жеңіл ғана бүркеп қойыңыз. Пайдаланған шүберегіңіздің таза болуын үнемі қадағалап отырыңыз, егер ол күйік жарақаттың аузынан аққан қан мен қан аралас сұйықтан ластанғандай болса, алмастырыңыз.

Күйік шалғандағы халық емі

- Күнбағыстың майымен, ара балауызымен. 200 грамм күнбағыс майы мен 20 грамм ара балауызын баяу отта ерітеді, жылы ерітіндіге 1 жұмыртқаның сарысын және 1 ас қасық кілегейді қосады, жақсылап араластырады, әзір болған жақпа майды күйген жерге жағады.
- Картоппен. Балғын картопты үккіштен өткізеді, шүберекке салып күйген жерге таңады. Компресті жылыған кезде алып тастайды.
- Шаймен. Қара немесе көк шайды қоюлап демдейді, 13-15 градусқа дейінсуытады, күйген жерді бинтпен орай отырып, оған жылы шайды үзбей құяды. Осынау ем 10-12 күнге арналған. Көмегі жақсы.
- Асқабақпен. Оны үккіштен өткізіп, күйген жерге таңып қояды. Бұл емді үсік шалғанда да пайдаланады.
- Зәрмен. Күйікке сол адамның зәрі де жақсы жәрдемдеседі. Бинтті жаңа шыққан зәрге батырып, күйген жерге таңады. Кеуіп кетпеуін қадағалайды.
- Жұмыртқамен. Терінің күйген, ауырған аймақтарына шикі жұмыртқаны жағады. Ол үшін жұмыртқаның ақуызы да, сары уызы да пайдаланыла береді. Жұмыртқаны теріге кеппей жатып, үсті-үстіне жағады. Бұл емді ауру сезімі басылғанша жалғастырып, ауырған жерді жайлап жуады.

Жарақат күтімі

- Ескі таңуды шешу
- Жарақатқа жасалынатын манипуляциялар
- Жарақаттан бөлінген бөліндіден теріні қорғау
- Жаңа таңғыш салу
- Таңғышты фиксациялау

Гипс алынып тасталғаннан кейінгі күтім

- Гипс алынып тасталғаннан кейін ең алдымен, гипс алынған жерді жылы сусабынмен немесе гельмен жууып алған дұрыс. Лас сумен бірге тері бөліктері де түсуі мүмкін, себебі тері ұзақ уақыт гипс астында тұрып өлуі мүмкін.
- Тері қалпына келуі үшін кремдерді пайдалануға болады.
- Процедурадан кейін теріні құрғата сүртіп, артынан қоректендіргіш майлы крем жағуға болады
- Гипс алынғаннан кейін физикалық дене шынықтырумен айналысуға кеңес беріледі
- Дәрігер нұсқаулығы бойынша емдік процедуралар қабылдауға болады(электрофорез, магнитотерапия)